

АИҚЫН

Хазар қасіретін ұмытуға болмайды



Түркі тарихында ерте заманда Хазария деген өте қуатты мемлекет болғаны там-тұмдап болса да жағырафиядан жақсы мәлім. Бірақ бар-жоғы үш ғасыр өмір сүрген Хазар қағанатының қалай ыдырап, құрып кеткенінің түпкі себебін ұзақ уақыт бойы білмей келдік.

Хазар қағанатының құлауының негізгі себебіне бірінші түрен салған адам ол – марқұм академик Рахманқұл Бердібай. 2001 жылы «Жас қазақ үні» газетіне шыққан «Хазария қасіреті» атты мақаласында академик Хазарияның жойылып кетуін ел билеушілерінің өзге дінді қабылдауы мен елде көпдінділіктің белең алуымен түсіндіріп, бүтін бір мемлекеттің қасіретіне бойлаған болатын.

Одан бері Хазар тарихы жайында көптеген жаңа дереккөздері пайда болды. Бұрын Хазар тарихы жайында жарытып ештеңе білмесек, оның өзіндік себебі бар. Хазар қағанатының тарихы жайында патшалы Ресей де, КСРО-да үндемеген, ғалымдарға ештеңе айтқызбаған. 1944 жылы Алтын Орда, оның ар жағындағы Хазар қағанаты жайындағы нақты зерттеулерге сталиндік қаулымен тыйым салынған.

Бүгінде Израильде, АҚШ пен Еуропада тұратын еврейлер өз тамырларын Израильмен емес, Хазар қағанатымен байланыстыра бастады. Тіпті еврейлердің көбісі Хазар қағанатын өздерінің төл мемлекеті санайды. Қазір әлемге үстемдігін жүргізіп отырған атақты Ротшильдер мен Рокфеллерлер, Моргандар мен Саркозилер өздерінің тамырын үнемі Хазар қағанатымен байланыстырады. АҚШ президенті Барак Обаманың шешесі де Еділ өзені бойынан шыққан еврейлердің ұрпағы деседі. Тіпті еврейлердің 90 пайызын құрайтын ашкеназилер – Хазар қағанатынан шыққандар деген де дерек бар. Таяуда АҚШ-тағы қайырымдылық қорлар Хазария тарихын қалпына келтіруге 700 миллион доллар бөлуге шешім де шығарыпты.

Әлемде мемлекеттік діні төртеу болған жалғыз мемлекет – Хазар қағанаты болған. Яғни ислам және иудаизм, оған қоса христиан және пұтқа табынушылық Хазар қағанатының мемлекеттік діні болып жарияланған. Бүгінгі көзқараспен қарасақ, бұл мүмкін еместей. Бірақ ақиқаты солай болған.

Хазар қағанатының мұрагері ретінде тарихшылар Еділ бұлғарларын, Киев Русін, кавказдық Аланияны атайды. Хазар қағанатының аумағына қазіргі Қазақстанның солтүстік-батыс жағы, Қырым, Украина, Солтүстік Кавказ, Төменгі және Орта Повольже кірген. Бір миллиондай халқы болған. Соның тең жартысы хазарлар болған. Әскер саны 300 мың болған. Тілі – ежелгі түрік тілі. Арабтар мен хазарлар екі ғасыр бойы соғысқан. Қазіргі Киев орыстар жаулап алғанға дейін хазар қаласы саналған. Қағанаттың ресми тарихы 650 жылдан 969 жылға дейін таңбаланған. Дегенмен 627 жылы хазар әскері Тбилисиді басып алған. Каспий теңізі XIII ғасырға дейін Хазар теңізі деген атауға ие болған. Шығыс Еуропадағы еврейлер осы хазарлардан тарағанын тарихшылар енді ғана жаза бастады. Польша мен Венгрияда хазарлар мемлекетқұраушы халықтар болған. Польшаның тұңғыш королі болып хазар сайланған, кейін ол тәжді Пястов династиясына өткізген.

717-718 жылдары арабтар Константинопольді (қазіргі Ыстамбұл) жаулап алмақ болғанда Хазар қағанаты Византияны арабтардың жаулап алуынан қорғап қалған. Жалпы Хазар қағанаты Византия мемлекетімен тең дәрежедегі өте қуатты ел болған. Қағандар мен императорлар өзара қыз алысып, қыз берісіп, құдандалы болған. Византия императоры VI ғасырдың аяғында жарлық шығарып, елдегі бүкіл еврейлердің христиан дінін қабылдауы, әйтпесе елді тастап шығулары жайында жарлық шығарады. Еврей мен христианның некелесуіне тыйым салады. Осы жарлықтан кейін еврейлердің көбісі Солтүстік Кавказ бен Қырымға қоныстана бастайды. Осылайша, түрік пен еврейдің қосындысынан Хазар қағанаты пайда болған. Хазар ақсүйектері иудей дінін қабылдаған. Қағанаттың ресми іс-

қағаздары көне еврей жазуларымен жазылған. Қағанаттың ақшасында «Мұса – Алланың елшісі» деген жазу болыпты. Кейін ислам қайта белең алғанда еврейлердің көбісі Шығыс Еуропаға қоныс аударады.

Хазария осылайша әлемдік емес, тек еврей халқына тән этникалық дінді қабылдаған тарихтағы жалғыз мемлекет. Яғни иуда діні басқа халықтардың да мемлекеттік діні болған. Жалпы, Хазария тарихы – жатқан жұмбақ. Қараңыз, түркі жерінде кенеттен алып иудей мемлекеті пайда болады да, үш ғасырдан соң кенеттен із-түссіз жоғалады. Хазарлардың түрік болғаны ақиқат. Ендеше хазардан шықты деп жүрген еврейлердің тегі семит емес, тегі түрік болып шықпай ма. Міне, тарихтың ең қиын түйінді тұсы да осы. Түрік пен еврей байланысының тарихы осылайша, тым тереңде жатыр. «Татар туғанда, еврей жылапты» деген де сөз бар. Бергі бетін қалқымай, егер осы сөздің астарына терең үңілсек, татар мен еврей халықтарының ертеден тығыз араласқанын, татарлардың біразы, егер генетикалық жағынан шындап тексеретін болса, еврейлер, сол секілді еврейлердің біразы татарлар екеніне көз жеткізуге болады деседі білетіндер. Кім білсін... Тарихқа сүйенсек, Хазар қағанаты VII ғасырдың орта тұсында Батыс түрік қағанаты ыдырағаннан кейін төменгі Еділ мен Солтүстік Кавказдың шығыс бөлігінде пайда болған феодалдық мемлекеттік құрылым. VIII ғасырдың басына дейін хазарлардың астанасы Дағыстан жеріндегі Семендер, одан кейін төменгі Еділдегі Итиль қаласы болады. VII ғасырда хазарлар Азау (Азов) төңірегіндегі болгарларды, Дағыстан шегіндегі савирларды бағындырған; ал Кавказ Албаниясы хазарларға салық төлеп тұрған. VIII ғасырда хазарлар Солтүстік Кавказды, Азау аймағын, Қырым жағалауларын және Шығыс Еуропаның Днепрге дейінгі далалық және орманды жерлерін иемденген. 735 жылы Каспий жағынан басып кірген арабтар Хазар қағанатының әскерін қиратып жеңеді. Осыдан кейін қаған мен оның төңірегіндегілер мұсылман дінін қабылдайды. Сегізінші ғасырда Хазар қағанаты мен Византия арасында тығыз қарым-қатынас орнауы христиандықтың таралуына қолайлы жағдай тудырады. Хазар қағанаты жерінде митрополия – діни орталық ашылып, жеті эпархия пайда болады. VIII ғасырдың ақыры мен IX ғасыр басында қағанаттың тізгінін ұстаған Обадия иудаизмді мемлекеттік дін деп жариялайды.

Хазар қағанатының әлсіреуін көздеген Византия хазарларға қарсы айналасындағы көшпенділерді айдап салып отырды. Бірақ Хазар қағанатына ең үлкен қатер орыс мемлекетінен келді. 913-914 және 943-944 жылдарда орыс әскерлері Каспий жағалауындағы елдерді қырғынға ұшыратты. X ғасырдың ақырында Хазар қағанаты өмір сүруін тоқтатты.

Марқұм академик Рахманқұл Бердібайдың жоғарыда айтып кеткен «Хазария қасіреті» деп аталатын мақаласына қайта оралайық. Осы орайда қаламгер Мадияр Әзизұлының жазбасына сүйенсек, академик «халқы да бай, қаһарлы мемлекет Хазарияның өзге елдер секілді гүлденуге, көркеюге барлық мүмкіндігі бола тұра өрлеудің орнына кері кетіп, тарихтың құрдымына түсуінің негізгі себептерін атап өткен. Айталық, Рахманқұл Бердібай өз мақаласында төмендегідей бірнеше мәселені бөліп көрсеткен: Бірінші, Хазарияның қасіреті, ең алдымен, қағанның көз алдындағыдан әріге зердесі жетпейтін парасатсыздығына, қандай мемлекеттің де іргесі бүтін болуы халықтың басым көпшілігі тұтынып келген дін мен тілдің беріктігіне тәуелді мән бермей, дүниенің әр бұрышынан келген миссионерлердің жетегінде кеткендігіне байланысты; екінші, Хазарияда көпдінділікті қолдау саясаты мемлекеттің негізгі халқы хазарлардың дәстүріне, ғұрпына, өзара бірлігіне орасан залал келтіріп, «шексіз космополитизмнің» үстемдік құруына жол ашқан. Мұндай көпдінділік Хазарияны елім, отаным дейтін отаншылдық сезім мен сенімді жоғалтқан, халық күнделік тіршілігінен басқаны ойламайтын тобырға айналған. Мұндай елді кез келген дұшпан қаусатып, құлға айналдыруға мүмкіндік туған; іштей тозығы жеткен мемлекет орыс князі Святославтың бір соққысына шыдамай, күлі көкке ұшуы

осыдан; үшінші, ең сұмдығы сол – Хазария қағаны да, оның айналасы да дін деген қасиетті ұғымды ойыншық көріп, тілдің ұшымен ғана айтатын болған; қай күні қандай мықты мемлекет өкілдері келсе, солардың дініне бас шұлғып, ауанына жығылған; ақша, тарту әкеліп берсе, қас жауларымен де тіл табысқан; төртінші, хазарлар ежелгі дін, сенімінен адасып, елі талан-таражға түсіп, өздері басқа жұрттармен мидай араласып кеткеннен кейін тілінен айырылуы таңғаларлық емес. Ғалымдар хазар тілінің қазіргі мұрагері қай тіл дегенде толық жауап бере алмай жүргендіктері де елмен, дінмен бірге тілдің де жойылуының салдары болса керек».

Иә, Хазария қасіретін ұмытуға болмайды. Оны жиі еске түсіріп тұру керек. Қазіргі әлемдегі дүрбелендердің түп-астарына үнілсеңіз, алып империялар дінді соғыс құралы етіп пайдаланып жатқанын анық көруге болады. Хазария қасіреті бізге соны үндейді...

Төреғали Тәшенов